

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы бойынша
білім бөлімінің «Абай атындағы орта мектебі»КММ

БЕКІТЕМІН:

Мектеп директоры міндетін
атқарушы :Ақыбаева Н.Н

«31» 08 2021ж

КЕЛІСЕМІН:

Әдіскер :

К.С.Тусипова

«30» 08 2021ж

ҚАРАЛДЫ:

Бірлестік отырысында

Хаттама № 1

«27» 08 2021ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2021-2022 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің **перспективалық жоспары**

Мектепалды даярлық «А»сынып тәрбиешісі: Аукадиева.А.К

Ақжар ауылы

2021 – 2022 оқу жылы

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2021-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі міндеттері:

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту;

-балаларды сапалы мектепке дайындауға бағытталған инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу;

-мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша индикаторлар жүйесін енгізу.

Мектепке дейінгі ұйымдарда жоспарлаудың қолданыстағы тәжірибесін талдау, бұл мәселенің қызметін жаңа бастаған педагогтер үшін әлі де күрделі екендігін көрсетті. Дәстүрлі түрде «балаларды үйрету» жұмысы бүгінгі күн талаптарына сәйкес келмейді. Себебі Циклограммада педагогтер мысалы «балалар өзбетінше шешімдер қабылдау үшін жағдайлар жасау» сияқты басқа тәсілді көрсетуі мүмкін, педагог балаларға бұрынғыдай дайын шешімді ұсынуға асықпайды, оларға ойлануға, талаптанып көруге және өздері шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Аталған әдістемелік ұсынымдар педагогикалық процесті жоспарлауда педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді

Міндеттері:

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруды қамтамасыз ету;

- мектепке дейінгі ұйымның бағытын, әдістемелік проблемасын, өмірлік ерекшеліктерді ескеріп, жоспарды құрастыру;

-жоспарда нақты әдістемелік, білім беретін және тәрбиелік іс-шараларды, олардың орындалу мерзімін, орындауға

жауаптыларды анықтау;

-ұжымның әрбір мүшесін жауапкершілікке тәрбиелеу.

Әдістемелік ұсынымдарда жылдық және перспективалық жоспардың құрылымы, циклограмма, сондай-ақ ортаңғы топтың перспективалық жоспары мен циклограммасы үлгі ретінде ұсынылады.

Жоспарлау тәртібі тәрбиешілерге балалардың мектепке дейінгі ұйымда болған барлық уақыты ішінде білім беру қызметін жоспарлы және дәйекті түрде ұйымдастыруына септігін тигізеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыруға әдістемелік ұсынымдарды қолдану педагогтерге баланың толыққанды дамуына жағдай жасауға, оның дұрыс әлеуметтенуі үшін мүмкіндіктерін іске асыруға, тұлғасын дамытуға, ынтасы мен шығармашылық қабілеттерін, ересектермен және құрдастарымен балалардың жастарына сәйкес ынтымақтастығын дамытуға мүмкіндік береді.

Аталған жоспарлаудың түрі педагогтерге өтпелі тақырыптарға сәйкес білім беру салаларын кіріктіруді, сонымен қатар күн тәртібіндегі балалар әрекетінің барлық түрлерін іске асыруға көмектеседі.

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҰСТАНЫМДАРЫ, ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалармен жұмысты ұйымдастырудың мазмұны, әдістері мен түрлері білім беру процесінің негізі болып табылатын дидактикалық ұстанымдарға тәуелді. Барлық педагогикалық ұстанымдар бірбірімен тығыз байланыста және баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған:

- баланың балалық шақтың барлық кезеңдерінде толыққанды өмір сүруі, оның дамуын жетілдіру; -мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестілігі;
- педагогикалық процесті әрбір баланың жеке ерекшеліктері негізінде құру;
- балалар мен ересектердің бірлескен әрекеті мен ынтымақтастығы;
- әрекеттің әр түрлерінде балалардың бастамасын қолдау;
- мектепке дейінгі ұйымның отбасымен ынтымақтастығы; -балаларды қоғамның әлеуметтік мәдени нормаларына тарту;
- әрекеттің әр түрлерінде баланың танымдық қызығушылықтары мен танымдық әрекеттерін қалыптастыру;
- балалардың этномәдени даму жағдайын есепке алу;
- өтпелі тақырыптар арқылы білім беру салаларын кіріктіру.

Білім беру процесін құру балалардың жастарына сәйкес жұмыстың түрлері мен әдістеріне негізделуі тиіс. Балалармен жұмыстың түрлері мен әдістерін таңдау мектепке дейінгі ұйым әрекеті бағытына, оның жабдықталуына, өңірлік ерекшеліктерге, педагогтің жұмыс тәжірибесіне және шығармашылық әлеуетіне сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру процесінде мынадай әдістер қолданылады:

- сөздік (әңгімелеу, түсіндіру, әңгімелесу және т.б.);
- көрнекілік (бақылау, суреттер, иллюстрациялар, ойыншықтар мен заттар қарастыру; мультфильмдер мен спектакльдер қарау);
- практикалық (жаттығулар, модельдеу, балабақша ауласынан тыс экскурсиялар, тәжірибе, эксперимент жүргізу);
- ойын (қимылды, театрландырылған, сюжетті- рөлдік және т.б.).

Кіріктіру ұстанымына сәйкес бір білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметінде бір уақытта басқа білім беру салаларының міндеттері де шешілуі тиіс. Бір өтпелі тақырыптың төңірегінде білім беру процесін құру балалардың дамуына зор мүмкіндіктер береді. Оларда тәжірибе, эксперимент жүргізуге, негізгі дағдылары мен ұғымдық ойлауды дамытуға мүмкіндіктер пайда болады.

Тек мазмұн ғана кіріктірілмейді, сондай-ақ түрлі ұйымдастыру формалары, балалар әрекетінің әртүрлері де кіріктіріледі.

ТАБЫСТЫ ЖОСПАРЛАУҒА БЫҚПАЛ ЕТЕТІН ШАРТТАР

Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды дамыту және тәрбиелеу үшін жағдай жасау:

- балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды;
- материалдық-техникалық базаның жаңартылған нормативтік құқықтық құжаттар талаптарына сәйкес қамтамасыз етілуін;
- білікті педагогтер және мамандармен қамтамасыз етуді;
- тәрбиелік, дамытушы және білім беруші міндеттердің біртұтастығын;
- өтпелі тақырыптарға сәйкес білім беру салаларын кіріктіруді;
- білім беру мазмұны балаларға артық жүктеме түсіруін болдырмауды;
- ересектер тарапынан қолдау, балалардың бір-бірімен мейірімді қарымқатынасын;
- балалардың бойында ұлтжандылық және толеранттылық сезімін, Отанға және туған-туысқандарына сүйіспеншілікті қалыптастыруды;
- білім беру процесін әдістемелік қолдауды қамтамасыз етуді;
- баланы тәрбиелеу мен дамыту және инклюзивті білім беру мәселелері бойынша педагогтер мен ата-аналарға қолдау көрсетуді қарастырады.

Табысты жоспарлаудың шарттары:

- 1) жоспарлау кезінде өз жұмысының деңгейін әділ бағалау;
- 2) жұмыстың белгілі кезеңінде жоспарлаудың мақсаттары мен міндеттерін айқындау;
- 3) Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын білу;
- 4) жоспарлау кезеңі жұмыстың нәтижесін көрсетуі;
- 5) алға қойылған мақсатқа жетуге көмектесетін тиімді әдістер мен құралдарды таңдау.

Перспективалық жоспарды топқа бір жас тобында жұмыс істейтін екі тәрбиеші құрастырады. Бұл шартты орындау балаларға бірінғай тәсілді, бірінғай талаптарды қолдануды қамтамасыз етеді, жоспар мен бағдарламаны орындауда әрбір тәрбиешінің жауапкершілігін арттырады.

Ауысыммен жұмыс істейтін тәрбиешілер бір–бірімен күнделікті байланыста болуы, балаларды бақылау нәтижелері бойынша үнемі пікір алмасулары тиіс: олар бағдарламалық материалдарды қалай игеруде, өзінің міндеттерін қалай орындайды, мәдени мінез-құлық дағдылары қалай қалыптасуда, кіммен ойнайды және т.б мәліметтерді білуі қажет. Осылайша, жоспардың негізгі бөлігін екі тәрбиеші де белгілейді, бөліктерін әрқайсысы жеке белгілейді. Тәрбиеші өзінің тобындағы балаларды жақсы біліп, әрбір баланың даму динамикасын зерделеу керек.

Білім беру процесін құрудың тақырыптық ұстанымдары мектепке дейінгі ұйымдардың ерекшеліктерін ескеруге, аймақтық және мәдени компоненттерді енгізуге мүмкіндік береді.

ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҮН ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

-өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар;

-апталық циклограмма;

-балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы іске асырылады.

Перспективалық жоспар оқу жылына құрастырылады. Оның негізі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы болып табылады.

Білім беру процесін кешендік-тақырыптық ұстаным бойынша (өтпелі тақырыптар) білім беру салаларын кіріктіруді ескеріп, құру балаларға артық жүктемені болдырмауға, жеткілікті және қажетті материалдармен білім беруге, тәрбиелеу, оқыту, дамыту бойынша білім беру міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Педагогтарға арналған перспективалық жоспарлау

Перспективалық жоспарды өтпелі тақырыптар негізінде оқу жылының әрбір айына тәрбиешілер мен мамандар (қазақ, орыс, шет тілі мұғалімдері, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, логопед, медициналық қызметкер және т.б.) құрастырады, әдіскермен келісіледі және мектепке дейінгі ұйым басшысы бекітеді. Штаттық кестеде педагог - мамандар қарастырылмаған мектепке дейінгі ұйымдарда нақты жас тобына Перспективалық жоспарды әдіскер немесе тәрбиеші құрастырады. Перспективалық жоспарлау балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етеді.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі.

Өтпелі тақырыптарды таңдау кезінде педагог мектепке дейінгі ұйымның тақырыптық бағыттылығына немесе тәрбиешінің, педагог-маманның жұмыс тақырыбына, баланың жас ерекшелігіне, аймақтық ерекшеліктеріне бағдарланып шығармашылық құзыреттілік көрсету керек.

Педагог өтпелі тақырыптарды таңдағанда аймақтық ерекшеліктерді, балалардың жастарын, мектепке дейінгі ұйымның тақырыптық бағытын немесе тәрбиешінің, педагог-маманның жұмыс тақырыбын ескере отырып, шығармашылық құзыреттілік танытуы тиіс. Ұйымдастырылған оқу қызметі барлық топтарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес өткізіледі (ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы).

Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың білім беру, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерін орындауды қарастырады.

**Мектепалды сыныбының 2021 – 2022оқу жылына арналған ұйымдастырылған
оқу іс- әрекетінің кестесі**

Перспективалық жоспар бойынша

Білім беру саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
« Денсаулық»	2.Дене шынықтыру	4.Дене шынықтыру	4.Дене шынықтыру 0,5 4.Қауіпсіз мінез құлық негіздері 0,5		
«Қатынас»	1.Сауат ашу негіздері		1.Сауат ашу негіздері 2.Сөйлеуді дамыту	1.Орыс тілі	1.Көркем әдебиет
«Таным»		1.Математика негіздері		2.Құрастыры 0,5	3.Жаратылыстану
«Шығармашылық»	3.Сурет салу	3.Мүсіндеу	3.Жапсыру	3.Музыка	2.Музыка
« Әлеумет»		2.Өзін – өзі тану		2.Қоршаған ортамен танысу 0,5	
«Вариативтік компонент»- 3	4. «Ертегілер әлемі» в/к			4. «Логика» в/к	4. «Шебер қолдар» в/к

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ 0 «А»СЫНЫБЫ / 2021 жыл, қыркүйек айы

Өтпелі тақырып: «*Менің мектебім*»

Мақсаты : Балалардың бойында мектепке, балаларға, ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағыттау

Міндеттері :

- мектепке деген сүйіспеншілікке баулып, ондағы жаңа достарына деген жағымды, дұрыс қарым – қатынасқа тәрбиелеу;
- мектеп туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған түрлі ойын түріндегі жағдаяттар туғызу;
- мектеп туралы түсінік беру, мектеп ережелерімен, мектеп тәртібімен таныстыру.

«Денсаулық»-3 Дене тәрбиесі -2,5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0,5	«Қатынас»-5 Сөйлеуді дамыту - 1 Көркем әдебиет - 1 Сауаташу негіздері - 2 Орыс тілі - 1	«Таным»-2,5 Математика негіздері- 1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру-1 Музыка-2	«Әлеумет»-1,5 Өзін –өзі тану-1 Қоршаған ортамен таныстыру-0,5	Вариативтік компонент-3 «Ертегілер әлемі»-1 «Логика әлемі»-1 «Шебер қолдар»-1
1-апта 01.09 - 03.09.2021 жыл					
30.08.2021 жыл Дүйсенбі	31.08.2021 жыл Сейсенбі	01.09.2021 жыл Сәрсенбі	02.09.2021 жыл Бейсенбі	03.09.2021жыл Жұма	
		1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Кел, танысайық! Сөйлеу. Мақсаты: Сөйлемнің мағынасын түсіну Тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтару Сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас нұсқаударын (ым-ишара, қимыл), сөздерді (кешіріңіз, тыңдаңызшы және т.б.) қолдану	1.Орыс тілі Тема: Я – это кто? Мой автопортрет. Цели: Произносить различать звуки в словах фразах. Внимательно слушать речь и правильно реагировать на нее (использованиемимики и жестов, выполнение действий). Передавать информацию из прослушанных текстов при помощи рисунка, схемы, знаков.	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Кім болғым келеді? Мақсаты: Шағын мәтіндер, балалар тақпақтары және т.б. мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру Шағын өлеңдерді мәнерлеп жатқа айту Жанрларды ерекшеліктері бойынша тану (жұмбақ, ертегі, тақпақ және т.б.)	

		<p>2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Кел, танысайық! Мақсаты: Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсініп, мағынасы бойынша жақын қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдана алады.</p>	<p>2.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Менің отбасым Мақсаты: Отбасындағы өзара тату қарым-қатынастың маңызын түсініп, отбасы мүшелерімен бірлесе жұмыс жасау</p>	<p>2.Музыка Тақырыбы: Менің музыкалық әлемім Мақсаты: Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұнды, қайлығы). Қарапайым әуендерді, таныс әндерді аспапта сүйемелдеумен және есту қабілетіне сүйеніп ән салу.</p>
		<p>3.Жапсыру Тақырыбы: Менің көңіл күйім Мақсаты: Жырту, қиып алу әдістерімен түрлі ертегі бейнелерін, т.б. жасай отырып, қарапайым заттарды жапсыру. Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар). Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.</p>	<p>3.Музыка Тақырыбы: Менің музыкалық әлемім Мақсаты: Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұнды, қайлығы). Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарлығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.</p>	<p>3.Жаратылыстану Тақырыбы: Мен табиғатты бақылай аламын ба? Мақсаты: «Бақылау» ұғымын және оны өткізу кезеңдерін түсіну</p>
		<p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы: Спорт залымен, сабақтағы қауіпсіздік техникасымен танысу Мақсаты: Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындау Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер</p>	<p>4.Вариативті таңдау сағаты «Логика» Тақырыбы: Менің отбасым</p>	<p>4.Вариативті таңдау сағаты «Шебер қолдар» Тақырыбы: Табиғи заттармен жұмыс «Құмырадағы гүл»</p>

2-апта
06.09 - 10.09.2021 жыл

06.09.2021 жыл Дүйсенбі	07.09.2021 жыл Сейсенбі	08.09.2021 жыл Сәрсенбі	9.09.2021 жыл Бейсенбі	10.09.2021 жыл Жұма
<p>1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Біздің ойындарымыз. Сөйлем. Мақсаты: Сөйлемді ажыратып, оның мағынасын түсіну, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу. Сөйлем сызбасын құру.</p>	<p>1. Математика негіздері Тақырыбы: Танысу. Не қайда орналасқан? Менің бөлmem. Қағаз бетіне бағдарлаймын. Мақсаты: Қағаз бетінде бағдарлану, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттау. Кеңістікте бағдарлану: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында.</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Біз – өнерлі баламыз. Сөйлем түрлері Мақсаты: Тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтару. Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы, сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану. Сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі.</p>	<p>1. Орыс тілі Тема: Я расту. Учимся приветствовать. Цели: Внимательно слушать речь и правильно реагировать на нее (использование мимики и жестов, выполнение действий). Использовать речи новые слова по лексическим темам. Ориентироваться на странице прописи, различать рабочую строку и межстрочное пространство, рисовать узоры.</p>	<p>1. Көркем әдебиет Тақырыбы: Алтын бала (әңгіме) Мақсаты: Шағын мәтіндер, әңгімелердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру Тыңдалған материалды иллюстрация бойынша оқиға жүйесін сақтап баяндау Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды)</p>
<p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: Менің топтағы достарым Мақсаты: Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру</p>	<p>2. Өзін - өзі тану Тақырыбы: Өзін-өзі тану әліпшесі. ҰОҚ мақсаты: «Өзін-өзі тану» әлемі туралы түсініктерін кеңейту. - адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсініктер беру; - жақсы істер жасай білу іскерліктерін дамыту;</p>	<p>2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Мен үлгілі баламын Мақсаты: Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну, мағынасы бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану.</p>	<p>2. Құрастыру Тақырыбы: Біз қандай балалармыз? Мақсаты: Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Өзінің шығармашылық жұмысының нәтижесін сипаттау және бағалау.</p>	<p>2. Музыка Тақырыбы: Мен өнерлі баламын Мақсаты: Қарапайым әуендерді, таныс әндерді аспапта сүйемелдеумен және есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Таныс әннің. Музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен суырып салу.</p>
<p>3. Сурет салу Тақырыбы: Мен сурет саламын! Мақсаты: Түрлі сызықтарды (түзу, қисық, зигзаг, ирек, т.б.) пайдаланып, қарапайым заттар мен күрделі</p>	<p>3. Мүсіндеу Тақырыбы: Ермексаз әлемі Мақсаты: Затқа қарап және елестету арқылы, ермексаздың, сазбалшықтың және басқа да материалдардың бүтін бөліктерін</p>	<p>3. Жапсыру Тақырыбы: Менің аулам Мақсаты: Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін,</p>	<p>3. Музыка Тақырыбы: Мен өнерлі баламын Мақсаты: Қарапайым әуендерді, таныс әндерді аспапта сүйемелдеумен және есту</p>	<p>3. Жаратылыстану Тақырыбы: Табиғат құбылыстарын қалай байқауға болады? Мақсаты: Табиғат нысандары мен</p>

<p>емес сұлбаларды салу.</p>	<p>соза отырып, таныс заттарды, түрлі пішіндегі, көлемдегі жеміс-жидек, жануар, құстардың модельдерін қарапайым геометриялық пішіндер негізінде мүсіндеу. Мүсіндеуге арналған материалдарды үнемді пайдалану.</p>	<p>пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру.</p>	<p>қабілетіне сүйеніп ән салу. Таныс әннің. Музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен суырып салу.</p>	<p>құбылыстарына қысқа уақыт аралығында бақылау жүргізу</p>
<p>4.Вариативті таңдау сағаты «Ертегілер әлемі» Тақырыбы: Ертегі туралы түсінік. «Шалқан»</p>	<p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы: Менің топтағы достарым Мақсаты: Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру</p>	<p>4.Қауіпсіз мінез – құлық негіздері Тақырыбы: Адам денесі Мақсаты: Адамның дене құрылысын білу.</p>	<p>4. Вариативті таңдау сағаты «Логика» Тақырыбы: Төлдерге еселерін табуға көмектес.</p>	<p>4. Вариативті таңдау сағаты «Шебер қолдар» Тақырыбы: Табиғи заттармен жұмыс «Гүлдері бар құмыра»</p>

3-апта
13.09 - 17.09.2021 жыл

13.09.2021 жыл Дүйсенбі	14.09.2021 жыл Сейсенбі	15.09.2021 жыл Сәрсенбі	16.09.2021 жыл Бейсенбі	17.09.2021 жыл Жұма
<p>1.Сауат ашунегіздері Тақырыбы: Мен білетін жақсы сөздер. Сөз Мақсаты: Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну. Сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу</p>	<p>1. Математика негіздері Тақырыбы: Менің ойыншықтарым. Не қайда орналасқан? Менің аулам. Не қайда орналасқан? Мақсаты: Кеңістікте бағдарлану: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында.</p>	<p>1.Сауат ашунегіздері Тақырыбы: Бәріміз тақпақ айтамыз.Буын Мақсаты: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау Сөз/сөйлем сызбасын оқу. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.</p>	<p>1.Орыс тілі Тема: Учимся приветствовать. Мои любимые игрушки. Цели: Внимательно слушать речь и правильно реагировать на нее (использование мимики и жестов, выполнение действий). Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку), словами и короткими фразами.</p>	<p>1. Көркем әдебиет Тақырыбы: Театрға саяхат. Мақсаты: Кеңістікте бағдарлану (сахнада, ойластырылып құрылған сахна алаңында), түрлі қарқында қозғала білуге машықтандыру. Сюжетті-рөлдік ойындарға қатысу,заттармен, ойыншықтармен таныс іс-әрекетті жаңа ойын жағдаятына көшіру.</p>
<p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: Менің дене құрылысым Мақсаты: Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта түзу жүру түрлерін орындау Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру</p>	<p>2.Өзін-өзі тану Тақырыбы: Жақсы көруге үйренеміз. ҰОҚ мақсаты: «Жақсы көру» ұғымының адамгершілік құндылығы ретінде маңыздылығын ашу. - мейірімділік, адами қасиеттері мен өзара көмек әрекеттері туралы түсінік беру; -қамқорлық жасау, көмек көрсету дағдыларын дамыту;</p>	<p>2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Өскенде мен кім болам Мақсаты: Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау Берілген тақырып аясында диалогке қатысу,өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу.</p>	<p>2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Отбасымның міндеттері мен қызметтері Мақсаты: Отбасы мүшелерін атап, міндеті мен өзіне тағылған жауапкершілікті білу Түрлі іс-әрекет түрлеріндегі өз жетістіктеріне тең баға беру.</p>	<p>2.Музыка Тақырыбы: Мен Отанымды сүйемін Мақсаты: Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді аспапта сүйемелдеумен және есту қабілетіне сүйеніп ән салу.</p>
<p>3.Сурет салу Тақырыбы: Кемпірқосаққа қонаққа келдім(сюжетті) Мақсаты: Негізгі және қосалқы, жылы және суық түстерді ажырату. Жұмыс барысында жұмыс орны мен құралдарды ретке келтіру, материалдарды үнемдеп жұмсау.</p>	<p>3.Мүсіндеу Тақырыбы: Кірпілер жанұясы күні бойы жеміс- жидек жинайды (кірпінің жанұясы) Мақсаты: Басқа балалармен топтасып немесе жекелей біртекті заттардан образдар мен сюжеттік композициялар жасау (мысалы, ертегі, әңгіме, балаларға арналған</p>	<p>3.Жапсыру Тақырыбы: Қамзол мен шапанды безендіреміз Мақсаты: Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнерінің желісімен, өрнектерді симметриялы ырғақпен, пішіндер мен ою элементтерін кезектестіре отырып</p>	<p>3.Музыка Тақырыбы: Мен Отанымды сүйемін Мақсаты: Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді аспапта</p>	<p>3.Жаратылыстану Тақырыбы: Бақылау кезіндегі әсерің қандай? Мақсаты: Алынған ақпаратты ұсыну және қорытынды жасау.</p>

	халық әндері, санамақ, мазәқтамалар, аңыздар желісімен). Өткір және кескіш құралдармен жұмыс барысында қауіпсіздік техникасын және еңбек гигиенасын сақтау.	жапсырудағы өрнек элементтерінің кеңістіктік қатынасын есепке ала отырып, геометриялық пішіндер, өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырулар құрастыру.	сүйемелдеумен және есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарлығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.	
4.Вариативті таңдау сағаты «Ертегілер әлемі» Тақырыбы: Қарлығаштың құйрығы неге айыр?	4. Дене шынықтыру Тақырыбы: Мен күштімін, ептімін және іскермін Мақсаты: Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау	4. Дене шынықтыру Тақырыбы: Мен күштімін, ептімін және іскермін Мақсаты: Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау	4.Вариативті таңдау сағаты «Логика» Тақырыбы: Марғаулар телефонның сымын үзді.	4.Вариативті таңдау сағаты «Шебер қолдар» Тақырыбы: Табиғи заттармен жұмыс «Гүлдер»

4-апта
20.09 - 24.09.2021 жыл

20.09.2021 жыл Дүйсенбі	21.09.2021 жыл Сейсенбі	22.09.2021 жыл Сәрсенбі	23.09.2021 жыл Бейсенбі	24.09.2021 жыл Жұма
<p>1.Сауат ашунегіздері Тақырыбы: Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс Мақсаты: Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту Сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас нұсқаударын (ым-ишара, қимыл), сөздерді (кешіріңіз, тыңдаңызшы! және т.б.) қолдану Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу</p>	<p>1.Математика негіздері Тақырыбы: Менің мерекем. Заттарды өлшемі (биіктігі, ұзындығы,қалыңдығы) бойынша салыстырамын. Менің ойыншықтарым. Заттарды салыстырамын және ретімен қоямын. Мақсаты: Заттарды ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырып, көлемдерінің арақатынасы көрсетілген заттардытабу, оларды өлшемдерініңөсу (кему)ретімен орналастыру.</p>	<p>1.Сауат ашунегіздері Тақырыбы: Мектеп бізге не үйретеді? Аа дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау. Суретті кітаптардан ақпаратты табу (сурет арқылы),сөйлем сызбасын құру. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.</p>	<p>1.Орыс тілі Тема: Мое любимое занятие. Что я узнал? Цели: Произносить и различать звуки в словах и фразах. Использовать в речи новые слова по лексическим темам. Передавать информацию из прослушанных текстов при помощи рисунка, схемы, знаков,использовать слова, обозначающие действия предметов.</p>	<p>1. Көркем әдебиет Тақырыбы: Дұрыс сөйлеу мәнері. Мақсаты: Өз әрекетін серігінің әрекетімен үйлестіру, оның қалай әрекет ететінін алдын ала сезу. Ым-ишара, дауыс ырғағы, ойын атрибуттарын қолданып, таныс әдеби шығармалар негізінде кейіпкерлердің бейнелерін жасау.</p>
<p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Мен осындаймын, біз осындаймыз Мақсаты: Заттармен және заттарсыз жалпы нығайтушы жаттығуларды орындау Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен соғу, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергіден лақтыру.</p>	<p>2.Өзін – өзі тану Тақырыбы: Мейірімді жүрек. ҰОҚ мақсаты: Балаларды « қамқорлыққа», «өзіне және өзгеге» деген қамқорлық ұғымдарымен таныстыру, балалардың санасына, өзіне, жақын туыстарына, достарына деген қамқорлық сезімін қалыптастыру және дамыту. - Балаларды адамдарға, айналасындағыларға қамқор, кішіпейіл, мейірімді, қайырымды болуға үйрету; - Достарына, жанұясына, туыстарына сүйіспеншіліктерін арттыру;</p>	<p>2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Отан деп соғады жүрегім Мақсаты: Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу</p>	<p>2. Құрастыру Тақырыбы: Көңілді қуыршақтар. Мақсаты: Табиғи және жасанды материалдардың қасиеттерін атау. Материалдармен және құралдармен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау,құрастыру түрлеріне сәйкес түрлі техникалар мен тәсілдерді қолдану.</p>	<p>2.Музыка Тақырыбы: «Мен бақытты баламын» Мақсаты: Музыка жанрларын (күй, эн, би, марш) ажырату. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. Музыкалық дыбыстың ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (Қатты, ақырын), тембріне қарап ажырату.</p>

<p>3.Сурет салу Тақырыбы: Мен сиқыршымын!(сәндік) Мақсаты: Түрлі сызықтар көмегімен қарапайым сәндік өрнектерін және қазақ өрнектерінің түрлерін салу. Суреттегі бейненің көңіл күйін беру үшін қағаз реңі мен түс үйлесімділігін таңдау.</p>	<p>3.Мүсіндеу Тақырыбы: Сазбалшықтан мүсінделіп, бояулармен сәнделген ғажап ойыншықтар әлемі (Филимонов ойыншықтарының үлгісі бойынша) Мақсаты: Пластикалық, конструктивтік және мүсіндеу техникаларын қолданып, түрлі пішіндегі кескіштерді пайдалана отырып, Қазақстанның және әлемнің халық кәсіпшілігі негізінде ойыншықтар, ыдыс-аяқ жасау. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.</p>	<p>3.Жапсыру Тақырыбы: Ертегілер елінде Мақсаты: Шаблон/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану. Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар). Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.</p>	<p>3.Музыка Тақырыбы: «Мен бақытты баламын» Мақсаты: Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұнды, қайғылы) Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. Музыкалық дыбыстың ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (Қатты, ақырын), тембріне қарап ажырату.</p>	<p>3.Жаратылыстану Тақырыбы: Тәжірибені қалай жасауға болады? Мақсаты: Педагогтің көмегімен болжамдар жасау және оларды өздігінен топта шешу</p>
<p>4.Вариативті таңдау сағаты «Ертегілер әлемі» Тақырыбы : «Мақта қызбен мысық » сахналау</p>	<p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы: Мен болашақ спортшымын Мақсаты: Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта түзу жүру түрлерін орындау.</p>	<p>4.Қауіпсіз мінез – құлық негіздері Тақырыбы: Сезім мүшелері. Мақсаты: Адамның дене құрылысын білу. Дұрыс дене бітімін сақтаудың негізгі ережелерін білу және қолдану.</p>	<p>4.Вариативті таңдау сағат «Логика» Тақырыбы: Қандай заттар артылып қалды?</p>	<p>4.Вариативті таңдау сағат «Шебер қолдар» Тақырыбы: Табиғи заттармен жұмыс «Шырша»</p>

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ 0 «А»СЫНЫБЫ / 2021жыл,қазан айы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Мақсаты: Отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің еңбек міндеттері; отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге ықпал етеді.

Міндеттері :

- отбасы мүшелеріне деген жағымды, дұрыс қарым – қатынасқа тәрбиелеу;
- отбасындағы өз міндетін кеңейтуге бағытталған түрлі ойын түріндегі жағдаяттар туғызу;
- отбасындағы ата-анасы, аға-әпкелері туралы олардың атқаратын қызметтері, мамандықтарын құрметтеуге, мамандықтар туралы білімдерін нақтылау.

«Денсаулық»-3 Дене тәрбиесі -2,5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0,5	«Қатынас»-5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Сауаташу негіздері-2 Орыс тілі-1	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру-1 Музыка-2	«Әлеумет»-1,5 Өзін –өзі тану-1 Қоршаған ортамен таныстыру-0,5	Вариативтік компонент-4 «Ертегілер әлемі»-1 «Логика әлемі»-1 «Шебер қолдар»-1
--	--	--	--	--	---

1-апта

1. 27.09-01.10.2021 жыл

27.09.2021 жыл Дүйсенбі	28.09.2021 жыл Сейсенбі	29.09.2021 жыл Сәрсенбі	30.09.2021 жыл Бейсенбі	01.10.2021жыл Жұма
<p>1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Мектеп асханасында. Нн дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау. Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әршп элементтерін жазу.</p>	<p>1. Математика негіздері Тақырыбы: Анама көмектесемін. 1-ден 5-ке дейінгі сандар. Айналымдағы заттарды санаймын. 1-ден 5-ке дейінгі сандар. Мақсаты: 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау.</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Мектепке жол Лл дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Балаларды адамгершілік сезімге тәрбиелеу</p>	<p>1.Орыс тілі Тема: Что такое школа? Кто работает в школе? Цели: Произносить и различать звуки в словах и фразах. Находить информацию в картинках, иллюстрациях и соотносить их. Ориентироваться на странице прописи, различать рабочую строку и межстрочное пространство, рисовать узоры.</p>	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Оқу құралдары хикаясы (ертегі) Мақсаты: Шағын мәтіндер, ертегілер, әңгімелердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру Жанрларды ерекшеліктері бойынша тану (жұмбақ, ертегі, тақпақ т.б.),өзінің ұсынымдарын сурет, сызба түрінде безендіру</p>
<p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Менің сүйікті жануарларым</p>	<p>2.Өзін - өзі тану Тақырыбы: Жылы сөздер.</p>	<p>2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Кітап – алтын қазына.</p>	<p>2.Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>2.Музыка Тақырыбы: Мен әдепті баламын.</p>

<p>Мақсаты: Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру. Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, өзгермелі жағдайлардағы секірулер.</p>	<p>ҰОҚ мақсаты: «Өзара түсіністік ұғымының адамгершілік құндылығы ретіндегі маңыздылығын ашу. Өзара түсіністік, өзара сыйластық, тіл табысу туралы түсінік беру; Балалардың өзін және басқа адамдардың түсіне білу қабілеттерін дамыту;</p>	<p>Мақсаты: Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау Берілген тақырып аясында диалогке қатысу, өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру.</p>	<p>Тақырыбы: Мектеппен танысамыз. Мақсаты: Түрлі әлеуметтік жағдаяттарда шешім қабылдау Қарапайым этикалық нормаларды біліп, сақтау Бірлесе жұмыс жасау, еңбек нәтижесін бағалау.</p>	<p>Мақсаты: Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.</p>
<p>3.Сурет салу Тақырыбы: Менің арнымым (түпкі оймен сурет салу) Мақсаты: Суреттегі бейненің көңіл күйін беру үшін қағаз реңі мен түс үйлесімділігін таңдау. Сурет сюжетіне, композициясына, өлшеміне, түсіне қарай көркем материал мен құралдарды таңдау.</p>	<p>3.Мүсіндеу Тақырыбы: Түйе (қазақтың «Түйе су ішкенде неге артына бұрылып қарайды?» ертегісінің желісімен) Мақсаты: Дененің қарапайым пропорцияларын есепке ала отырып, қозғалыстағы адамның немесе жануардың қарапайым фигурасын мүсіндеу, фигураны тік немесе көлденең орналастыру, фигура бөліктерін өзара қосып, олардың бір-біріне қосылған жерін арнайы кескіш көмегімен тегістеп, жымдастыру.</p>	<p>3. Жапсыру Тақырыбы: Мектеп ауласында. Мақсаты: Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.</p>	<p>3.Музыка Тақырыбы: Мен әдепті баламын. Мақсаты: Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.</p>	<p>3.Жаратылыстану Тақырыбы: Табиғат деген не? Мақсаты: Күнделікті өмірдегі табиғат туралы білімнің маңыздылығын түсіндіру</p>
<p>4.Вариативті таңдаусағаты «Ертегілер әлемі» Тақырыбы: Инелік пен шегіртке.</p>	<p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы: Менің сүйікті ойындарым Мақсаты: Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, тепе теңдік, үйлесімдік, күш, жылдамдық пен реакция Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсету</p>	<p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы: Бірінші бол! Мақсаты: Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау. Дербес түрде таныс қимыл-қозғалыс ойындарды және жаттығуларды өткізу.</p>	<p>4.Вариативті таңдау сағаты «Логика» Тақырыбы: Олардың қандай айырмашылықтары бар?</p>	<p>4. Вариативті таңдаусағаты «Шебер қолдар» Тақырыбы: Қатырма қағазбен жұмыс «Шоқ бұта»</p>

2-апта
2. 04.10-08.10.2021 жыл

04.10.2021 жыл Дүйсенбі	05.10.2021 жыл Сейсенбі	06.10.2021 жыл Сәрсенбі	07.10.2021 жыл Бейсенбі	08.10.2021 жыл Жұма
<p>1. Сауат ашунегіздері Тақырыбы: Мен – үлгілі баламын. Рр дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.</p>	<p>1. Математика негіздері Тақырыбы: Санап үйренемін. 1-ден 10-ға дейінгі сандар Айналамдағы заттарды санаймын. 10-ға дейінгі реттік санау Мақсаты: 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау.</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Менің оқу құралдарым. Оо дыбысы мен әрпі Мақсаты: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Балаларды адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу</p>	<p>1.Орыс тілі Тема: Какие предметы есть в классе? Что делают дети на занятиях? Цели: Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку), словами и короткими фразами. Находить информацию в картинках, иллюстрациях и соотносить их. Передавать информацию из прослушанных текстов при помощи рисунка, схемы, знаков, использовать слова, обозначающие признаки (по цвету, форме, величине) предметов.</p>	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Өзім барам мектепке (өлең) Мақсаты: Шағын мәтіндер, балалар тақпақтарының мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру Өзінің эмоциялық жағдайын сөзбен жеткізу, жанрларды ерекшеліктері бойынша тану (жұмбақ, ертегі, тақпақ және т.б.) Өзінің ұсынымдарын сурет, сызба түрінде безендіру</p>
<p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Өз мінез құлқымызды басқарып. Мақсаты: Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, тепе-теңдік, үйлесімділік, күш, жылдамдық пен реакция. Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдануға үйрету.</p>	<p>2.Өзін - өзі тану Тақырыбы: Отбасындағы жарасым. ҰОҚ мақсаты: Сүйіспеншілік, сыйластық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. - отбасы сүйіспеншілігі, сыйластығы туралы түсінік қалыптастыру; - отбасындағы өзара сыйластық қарым – қатынас дағдыларын дамыту;</p>	<p>2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Мен білімді баламын. Мақсаты: Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжау Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау</p>	<p>2.Құрастыру Тақырыбы: Мен мектепке не апарамын? Мақсаты: Заттардың қолданылу аясы мен құрылуы арасындағы байланысты орнату. Өзінің шығармашылық жұмысының нәтижесін сипаттау және бағалау.</p>	<p>2.Музыка Тақырыбы: Ардақты ұстазым. Мақсаты: Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Таныс би элементтері мен кимылдары негізінде, би кимылдарын ойдан шығарып орындау.</p>

<p>3.Сурет салу Тақырыбы : Жұлдызгүл-мектеп гүлі (пәндік) Мақсаты: Түрлі сызықтарды (түзу, қисық, зигзаг, ирек, т.б.) пайдаланып, қарапайым заттар мен күрделі емес сұлбаларды салу. 0Саусақтарға күш түсірмей, қарындашпен, түсті мектеп гүлі (пәндік) бормен сурет салу, қарындашты (борды) көлбеу ұстау, бір бағытта жеңіл қимылдармен, штрихтарды бірқалыпты, сурет сызығынан сыртқа шығармай салу.</p>	<p>3. Мүсіндеу Тақырыбы: Түлкі мен ешкі(қазақтың«Түлкі мен ешкі» ертегісінің желісімен) Мақсаты: Бұйымды тұғырға орнату техникасын пайдалану, бір тұғырға бірнеше бұйымды орналастыру. Мүсіндеуге арналған материалдарды үнемді пайдалану.</p>	<p>3. Жапсыру Тақырыбы: Жапырақтардан композиция жасау. Мақсаты: Шаблон/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге бүктелген, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып алу.</p>	<p>3.Музыка Тақырыбы: Ардақты ұстазым. Мақсаты: Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау.</p>	<p>3.Жаратылыстану Тақырыбы: Өсімдік өсу үшін не қажет? Мақсаты: Өсімдіктің жанды табиғат бөлігі екендігін анықтай отырып, өсімдік тіршілігіне қажетті жағдайларды анықтау.</p>
<p>4.Вариативті таңдаусағаты «Ертегілер әлемі» Тақырыбы: Инелік пен шегіртке.</p>	<p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы: Өз мінез құлқымызды басқарып. Мақсаты: Дене қуаты қасиеттерін көрсету:әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, тепе-теңдік, үйлесімділік, күш, жылдамдық пен реакция. Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдануға үйрету.</p>	<p>4.Қауіпсіз мінез – құлық негіздері Тақырыбы: Дене бітімі дегеніміз не? Мақсаты: Ауыз қуысы және дене күтіміне арналған қарапайым тазалық ережелерін білу, қолдану және түсіндіру.</p>	<p>4.Вариативті таңдау сағаты «Логика» Тақырыбы: Олардың қандай айырмашылықтары бар?</p>	<p>4. Вариативті таңдаусағаты «Шебер қолдар» Тақырыбы: Қатырма қағазбен жұмыс «Шоқ бұта»</p>

3-апта
3. 11.10-15.10.2021жыл

11.10.2021 жыл Дүйсенбі	12.10.2021 жыл Сейсенбі	13.10.2021 жыл Сәрсенбі	14.10.2021 жыл Бейсенбі	15.10.2021 жыл Жұма
<p>1. Сауат ашунегіздері Тақырыбы:Мектеп кітапханасында Тт дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау,өзіне таныс тақырып аясында диалогке қатысу. Сөз/сөйлем сызбасын оқу. Жазуға қолдарын жаттықтыру, Т әрпінің баспа түрімен танысып жазу. Балаларды адамгершілік сезімге тәрбиелеу</p>	<p>1. Математика негіздері Тақырыбы: Сурет салып үйренемін . «Нешеу?» және «Реті бойынша нешінші?» екенін анықтаймын. Менің оқу құралдарым. 11-ден 20-ға дейінгі сандар Мақсаты: 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау.</p>	<p>1. Сауат ашунегіздері Тақырыбы: Менің отбасым Уу дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Сұраққа жауап бере отырып, У дыбысы және әрпімен танысады. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.</p>	<p>1.Орыс тілі Тема: Школьный рюкзачок. Волшебный цвет. Цели: Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку), словами и короткими фразами. Использовать в речи новые слова по лексическим темам. Находить информацию в картинках, иллюстрациях и соотносить их.</p>	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Мектепте не үйренемін? Мақсаты: Дыбыстарды түрлі екпінде анық және дұрыс айту, сыбырлап және қатты айту. Эмоциялық күйді анықтау және беру,өз әрекетін серігінің әрекетімен үйлестіру, оның қалай әрекет ететінін алдын ала сезу. Сюжетті-рөлдік ойындарға қатысу.</p>
<p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Әдемі жүріп үйренеміз. Мақсаты: Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсетуге баулу.</p>	<p>2.Өзін-өзі тану Тақырыбы: Нағыз, адал дос! ҰОҚ мақсаты: Балаларға жақсылық пен жамандықты ажырата білуге. бір - бірімен достық қарым - қатынаста болуға, үлкендерге құрмет, кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу.</p>	<p>2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Мектеп ауласында. Мақсаты: Айтылған ойдың мәнін ашу үшін интонацияны сақтау, тілдесудің вербальды емес құралдарын қолдану. Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау.</p>	<p>2. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Мектептегі қауіпсіздік және тәртіп ережелері. Мақсаты: Мектептегі және сыныптағы негізгі ережелерді білу және оларды сақтау.</p>	<p>2.Музыка Тақырыбы: Біздің мектеп. Мақсаты: Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, соннет, оркестр, дирижер) ажырату. Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату. Дыбыстау тембріне қарай кейбір музыка аспаптарын (домбыра, асатаяк, фортепиано, скрипка, флейта), сондай-ақ балаларға арналған музыка аспаптарын (сылдырмақ, барабан, металлофон,ксилофон,ұшбырыш, маракас) ажырату.</p>

<p>4.Сурет салу Тақырыбы: Мектебiм – отбасым (сюжеттi) Мақсаты: Заттарды жерге, суға, аспанға қатыстылығы бойынша орналастырып, заттардың және зат бөлшектерiнiң пiшiнiн, пропорцияларын, түсiн есепке ала отырып, кеңiстiктiк арақатысын бейнелеу. Қылқаламды бiр бағытта, солдан оңға, жоғарыдан төменге, қиғаш жүргiзу арқылы суреттi бояу.</p>	<p>3.Мүсiндеу Тақырыбы: Қарасаң көзiң тоймайды, Қыз Жiбек қандай тамаша! (Дымков ойыншықтарының үлгiсi бойынша) Мақсаты: Әлем халықтарының ұлттық ойыншықтары мысалында затқа қарап, елестетiп және ойдан құрастырып жапсырып мәнерленген образды сәндеу әдiстерiн пайдалану (рельеф, илеу, кескiшпен ойып алу немесе қырып iз салу). Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтiру.</p>	<p>3. Жапсыру Тақырыбы: Әдемі көбелек. Мақсаты: Елестету арқылы геометриялық пiшiндер негiзiнде бiрнеше бөлiктен тұратын заттардың жапсырмасын құрастыру, бөлшектердi жапсыру бiрiздiлiгiн дұрыс қолдана отырып, тұтас ойыншық бейнелерiн жасау немесе қисық жыртып алынған қағаздан жұмсақ ойыншық бейнелерiн құрастыру. Табиғи және қолдан жасалғандардан, екiге бүктелген, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлi симметриялық пiшiндердi кийiп алу.</p>	<p>3.Музыка Тақырыбы: Бiздiң мектеп. Мақсаты: Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әншi, соннет, оркестр, дирижер) ажырату. Музыкалық шығарманың кiрiспесi мен қайырмасын ажырату. Дыбыстау тембрiне қарай кейбiр музыка аспаптарын (домбыра, асатаяқ, фортепиано, скрипка, флейта), сондай-ақ балаларға арналған музыка аспаптарын (сылдырмақ, барабан, металлофон,ксилофон,ұшбырыш, маракас) ажырату.</p>	<p>3.Жаратылыстану Тақырыбы: Өсiмдiктердiң қандай түрлерiн бiлесiң? Мақсаты: Өсiмдiктердi ағаштар, бұталар, шөптiер тобына ажырату.</p>
<p>4.Вариативтi таңдаусағаты «Ертегiлер әлемi» Тақырыбы: Ер Төстiк.</p>	<p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы: Денсаулық сабағы. Мақсаты: Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындау Командалық ойындар рөлдерi мен тәсiлдерiн қолдану.</p>	<p>4. Дене шынықтыру Тақырыбы: Қыздар мен ұлдар жарысы. Мақсаты: Қашықтыққа, көлденең және тiк нысанаға лақтыра бiлу. Түрлi спорттық ҰОҚ-ға қажеттi ресурстарды анықтау және олардың қауiпсiздiгiн ескере отырып қолдану</p>	<p>4.Вариативтi таңдаусағаты «Шебер қолдар» Тақырыбы: Қатырма қағазбен жұмыс «Жүк машинасы»</p>	<p>4.Вариативтi таңдау сағаты «Логика» Тақырыбы: Мамандықтарды ата.</p>

4-апта

4. 18.10-22.10.2021 жыл

18.10.2021 жыл Дүйсенбі	19.10.2021 жыл Сейсенбі	20.10.2021 жыл Сәрсенбі	21.10.2021 жыл Бейсенбі	22.10.2021 жыл Жұма
<p>1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Ақылды ешкі Шш дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратады. Ш дыбысы – дауыссыз дыбыс, ш дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды.</p>	<p>1. Математика негіздері Тақырыбы: Менің оқу құралдарым. 1-ден 20-ға дейінгі сандар Құрылысшы боламын. 20-ға дейін санап үйренемін. Алдыңғы. кейінгі Мақсаты: 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау.</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Саматтың ойыны Сс дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Тыңдалған мәлімет/хабарламаны тірек сызба, иллюстрация көмегімен мазмұндау.</p>	<p>1.Орыс тілі Тема: Как я готовлюсь к школе? Что я знаю о школе? Цели: Демонстрировать понимание увиденного через комментирование (два-три слова, простое предложение) действия. Находить информацию в картинках, иллюстрациях и соотносить их. Передавать информацию из прослушанных текстов при помощи рисунка, схемы, знаков.</p>	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Бәрін білгім келеді. Мақсаты: Интонацияларды ажырата алу және оларды айту. Өз әрекетін серігінің әрекетімен үйлестіру, оның қалай әрекет ететінін алдын ала сезу. Өз ойын құрдастарының ортасында білдіру, басқалардың пікірін тыңдай білу.</p>
